

**«Тракторларға және олардың базасында жасалған өздігінен жүретін шассилер мен механизмдерге, монтаждалған арнайы жабдығы бар тіркемелерді қоса алғанда, олардың тіркемелеріне, өздігінен жүретін ауыл шаруашылығы, мелиоративтік және жол-құрылыс машиналары мен механизмдеріне, сондай-ақ жүріп өту мүмкіндігі жоғары арнайы машиналарға ауыртпалықтың жоқ (бар) екендігі туралы ақпарат беру» мемлекеттік көрсетілетін қызметтің паспорты**

1	<b>Көрсетілетін қызметті беруші</b>	Аудандық және Орал қалалық ауыл шаруашылығы бөлімдері мен «электрондық үкіметтің» <a href="http://www.egov.kz">www.egov.kz</a> веб-порталы (бұдан әрі – портал).
2	<b>Көрсетілетін қызметті тұтынушылар</b>	Мемлекеттік көрсетілетін қызмет жеке және заңды тұлғаларға көрсетіледі
3	<b>Көрсетілетін қызметтің нысаны</b>	Электрондық (ішінара автоматтандырылған) немесе қағаз түрінде.
4	<b>Көрсетілетін қызметті ұсыну орны</b>	1 Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігі Байланыс, ақпараттандыру және ақпарат комитетінің «Азаматтар үшін үкімет» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнының Батыс Қазақстан облысындағы филиалдары (бұдан әрі-ХҚО) арқылы; 2. <a href="http://www.egov.kz">www.egov.kz</a> веб-порталы (бұдан әрі – портал) арқылы
5	<b>Көрсетілетін қызметті ұсыну тәртібі</b>	1) ХҚО-да – еңбек заңнамасына сәйкес демалыс және мереке күндерін қоспағанда, дүйсенбі – сенбі аралығында белгіленген жұмыс кестесіне сәйкес түскі үзіліссіз сағат 09.00-ден 20.00-ге дейін; құжаттарды қабылдау «электрондық» кезек тәртібімен, көрсетілетін қызметті алушының таңдауы бойынша, жедел қызмет көрсетусіз жүзеге асырылады, электрондық кезекті портал арқылы брондауға болады; 2) жөндеу жұмыстарын жүргізуге байланысты техникалық үзілістерді қоспағанда, тәулік бойы (көрсетілетін қызметті алушы жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін, Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес демалыс және мереке күндері жүгінген кезде

		өтініштерді қабылдау және мемлекеттік қызметті көрсету нәтижелерін беру келесі жұмыс күнінде жүзеге асырылады).
6	<b>Қажетті құжаттар</b>	1) ХҚО-ға жүгінген кезде: осы стандартқа қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтініш; жеке басты куәландыратын құжат, ал өкілі – оның өкілетін растайтын құжат және жеке басты куәландыратын құжат (сәйкестендіру үшін); 2) порталға жүгінген кезде: осы стандартқа қосымшаға сәйкес электрондық құжат нысанындағы өтініш; Жеке басты куәландыратын, заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы құжаттардың мәліметтерін көрсетілетін қызметті беруші тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйелерден «электрондық үкімет» шлюзі арқылы алады.
7	<b>Көрсетілетін қызметтің құны мен ақы төлеу тәртібі</b>	Мемлекеттік қызмет заңды және жеке тұлғаларға (бұдан әрі - көрсетілетін қызметті алушы) тегін көрсетіледі.
8	<b>Көрсетілетін қызметті көрсету мерзімі</b>	1)ХҚО-ға құжаттар топтамасын тапсырған сәтен бастап, сондай-ақ портал арқылы жүгінген кезде – 30 (отыз) минут; 2) құжаттар топтамасын тапсыру үшін күтудің рұқсат етілген ең ұзақ уақыты – 30 (отыз) минут; 3) қызмет көрсетудің рұқсат етілген ең ұзақ уақыты – 30 (отыз) минут.
9	<b>Көрсетілетін қызметті көрсету нәтижесі</b>	жылжымалы мүлік кепілін тіркеу тізілімінен үзінді-көшірме.
10	<b>Нормативтік-құқықтық актілер</b>	Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылдың 6 мамырындағы № 4-3/421 «Техникалық инспекциясы саласындағы мемлекеттік қызмет көрсету стандарттарын бекіту туралы» бұйрығы
11	<b>Қосымша ақпарат</b>	Батыс Қазақстан облысының ауыл шаруашылығы басқармасының интернет

	ресурстарында selhoz-bko.gov.kz және 8-7112-51-54-46 телефонынан Аудандық және Орал қалалық ауыл шаруашылығы бөлімдері мемлекеттік мекемелерінен алуға болады. Министрліктің интернет ресурстарында - <a href="http://www.minagri.gov.kz">www.minagri.gov.kz</a> .
--	---

**Мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері бойынша аудандық және Орал қалалық ауыл шаруашылығы бөлімдері және (немесе) олардың лауазымды адамдарының, (немесе) қызметкерлерінің шешімдеріне, әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) шағымдану тәртібі**

Мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері бойынша аудандық және Орал қалалық ауыл шаруашылығы бөлімдері (бұдан әрі-бөлім) және (немесе) олардың лауазымды адамдарының, (немесе) қызметкерлерінің шешімдеріне, әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) шағымдану ХҚО және бөлім басшысының немесе аудан (қала) әкімінің атына мына интернет ресурстарындағы [selhoz-bko.gov.kz](http://selhoz-bko.gov.kz) және [www.con.gov.kz](http://www.con.gov.kz) мекенжайларына жолданылады.

Шағым почта арқылы жазбаша нысанда, не осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 13-тармағында көрсетілген мекенжайлар бойынша көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесі арқылы қолма-қол беріледі.

Көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесінде тіркеу (мөртабан, кіріс нөмірі мен күні), шағымды қабылдаған адамның тегі, аты, әкесінің аты, берілген шағымға жауап алу мерзімі мен орны көрсетілген талон беру шағымның қабылданғанын растау болып табылады.

Шағымда:

- 1) жеке тұлғаның – оның тегі, аты, әкесінің аты және почталық мекенжайы көрсетіледі;
- 2) заңды тұлғаның – оның атауы, почталық мекенжайы, шығыс нөмірі мен күні көрсетіледі.

ХҚО қызметкерінің әрекеттеріне (әрекетсіздіктеріне) шағым осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 13-тармағында көрсетілген мекенжайлар мен телефондар бойынша ХҚО филиалының, бөлімінің басшысына жолданады.

ХҚО-да қолма-қол, сонымен қатар почта арқылы түскен шағымның тіркелуі (мөртабан, кіріс нөмірі мен күні шағымның екінші данасында немесе шағымға ілеспе хатта беріледі) оны қабылдауды растау болып табылады.

Портал арқылы жүгінген кезде шағымдану тәртібі туралы ақпаратты бірыңғай байланыс орталығы телефоны арқылы алуға болады.

Шағымды портал арқылы жолдаған кезде көрсетілетін қызметті алушыға «жеке кабинетінен» өтініш туралы ақпарат қолжетімді болады, бұл ақпарат көрсетілетін қызметті беруші өтінішті өңдеу барысында (жеткізу, тіркеу, орындау туралы белгілер, қарау немесе қараудан бас тарту туралы жауап) жаңартылып отырады.

Көрсетілген мемлекеттік қызмет нәтижелерімен келіспеген жағдайда, көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органға шағыммен жүгіне алады.

Мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органның атына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы тіркелген күнінен бастап 15 (он бес) жұмыс күні ішінде қаралуға жатады.

Көрсетілген мемлекеттік қызметтің нәтижелерімен келіспеген жағдайда көрсетілетін қызметті алушы «Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы» 2013 жылғы 15 сәуірдегі Қазақстан Республикасы Заңының 4-бабы 1-тармағының б) тармақшасына сәйкес сотқа жүгінуге құқылы.